

# \*Ұзақ мерзімді активтердің операциялық аудиті



## МАЗМҰНЫ

1 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2 АНАЛИТИКАЛЫҚ ПРОЦЕДУРАЛАР

3 ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ

3.1 Ұзақ мерзімді активтердің сақталуына, пайдаланылуына тексеру жүргізу

3.2 Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясына тексеру жүргізу

3.3 Ұзақ мерзімді активтердге тексеру жүргізу

3.4 Ұзақ мерзімді активтердің түгендеу сапасына тексеру жүргізу

## Ұзақ мерзімді активтер түсінігі

Ұзақ мерзімді активтер кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелерін өтеу барысында қабілеттілігі жоғары, яғни тез арада өзінің құнын басқа заттарға айырбастай (өзгерте) алатын мүліктер болып табылады.

ұзақ мерзімді активтердің қатарына негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді, ұзақ мерзімді дебиторлық борыштарды және ұзақ мерзімді инвестицияларды жатқызуға болады.

Ұзақ мерзімді  
активтер  
амортизациясын есептеу  
бойынша екіге бөлінеді:

негізгі құралдардың  
амортизациясы

материалдық емес  
активтердің  
амортизациясы

## \* Негізгі құралдардың аудиті деп

- \* негізгі құралдардың түскендігі, есептен шығарылуы, оған пайдалы қызмет мерзімі мен нақты құнының бағасы, амортизация мен тозуын есептеу, ішкі бақылаудың тиімділігін пайдалануды тексеру енеді.

Пән: Операциялық аудит

# \* Материалдық емес активтердің аудиті деп

- \* нақты ақшаның, оның қалыптасуын және оның құжатта анық көрсетілуін тексеруді түсіндіреді, оған пайдалы қызмет мерзімі мен нақты құнының бағасы, амортизацияны есептеу, шығудың негізділігі, есепті ұйымдастыру және кәсіпорындағы талдау мен ішкі бақылаудың тиімділігін пайдалануды тексеру енеді.

## Бухгалтерлік есепте негізгі құралдар деп

өндірістік үдерісінде ұзақ уақыт бойы, яғни бір жылдан артық пайдаланатын, өзінің бастапқы түрін көлемін сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа көрсетілген қызметке есептелген амортизациялық аударым мөлшерін шегінде біртіндеп ауыстырып отыратын еңбек құралдарын, яғни материалды активтерді айтады.

Ұзақ  
мерзімді  
активтер  
бөлінеді

материалдық  
(негізгі құралдар  
және күрделі  
құрылыс)

материалдық емес

ұзақ мерзімді  
дебиторлық  
берешек  
(өтілу мерзімі  
бір жылдан артық)



## \* Материалдық емес активтер

\* бұлар натуральдық-физикалық формасы жоқ, алайда «болмашы құндылығы бар» соған сәйкес субъектіге ұзақ уақыттар бойында немесе үнемі қосымша табыс түсіретін активтер. Материалдық емес активтерге тауар белгілері (қызмет көрсету белгілері), тауарлырдың шығарылатын тіркеулі жерлері жатқызылады.

Пән: Операциялық аудит

# \* Негізгі құралдар

- \* материалдық активтер ұзақ уақыттар бойында (бір жылдан астам) материалдық өндірісте де, өндірістік емес салада да еңбек құрал-жабдықтары ретінде қызмет атқарады.
- \* Негізгі құрал-жабдықтарға: тұрақты мүліктер; транспорт құралдары; құрал-жабдықтар; өндірістік және шаруашылық мүліктері; құрал-саймандар мен басқа да негізгі құралдар жатады.



Ұзақ мерзімді инвестиция-бұл еншілес серіктестіктер активтеріне; тәуелдік заңдық ұйымдарға, бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаларға берілетін инвестиция, онда бұлардың ағымдағы құны көрсетіліп беріледі, егер олардың құнынан өзгешелігі болса.

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек-бұл алыныс есеп шоты; алынған вексельдер; шаруашылық ішіндік операциялар нәтижесінде негізгі шаруашылық серіктестіктері мен олардың еншілес серіктестіктері арасында туындағын дебиторлық берешек және т.б.

# \*Субъектінің ағамдағы активтері:

- \* Қосалқы тауар-материалдарға (олардың өңделу мен өткізу мерзіміне байланыссыз).
- \* Есепті күндердің ішінде шығысқа шығарлуы мүмкін болашақ кезеңдердің шығындары.
- \* Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері.
- \* Ұзақ мерзімді активтердің қаржылық инвестициясы.

# Ұзақ мерзімді активтердің қозғалысы бойынша операцияларды тексеру

- \* Негізгі құралдар объектілерінің түсуін есепке алудың заңдылығы, тиімділігі және дұрыстығы тұрғысынан тексерілуі қажет. Бұл кезде жүргізіліп отырған процедуралар көлемін аудитор операциялардың қайталануы, кәсіпорынды құру мақсаты және оның қызмет етуі, салық салу қиындығынан шыға отырып, өзінің ұзақ мерзімді активтермен операцияларын типтік және типтік емес деп субъективті жіктеу негізінде дербес анықтайды.



**Инвестициялар - капиталдың ұзақ мерзімді салымдары өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және шаруашылықтың басқа салаларына жұмсалатын шығындар жиынтығы. Инвестицияларға мыналар жатады: пайда алу мақсатында және жағымды әлеуметтік тиімділікке қол жеткізу үшін кәсіпкерлік объектілер мен қызметтің басқа түрлеріне салынатын ақша қаражаттары, мақсатты банк салымдары, пайлар, акциялар мен басқа бағалы қағаздар, технологиялар, машиналар мен құрал-жабдықтар, лицензиялар, оның ішінде тауар белгілері, несиелер, кез-келген басқа мүлік пен мүліктік құқықтар, интеллектуалды құндылықтар.**



*Аудит жүргізу кезінде бухгалтерлік есепте бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және айналымға ендіру бойынша операцияларды көрсету заңдылығы мен дұрыстылығын тексеруді іске асыру қажет.*

*Аудитор сатып алу кезінде қаржылық инвестиция сатып алу құнымен бағаланатынын білуі тиіс.*



## Инвестициялау циклы бойынша бухгалтерлік есептегі ықтимал бұрмалаушылықтар:

- \* - нақты қаржылық салымдарды дәлелдейтін құжаттардың болмауы;
- \* - құжаттарды орнатылған тәртіпті бұза отырып рәсімдеу;
- \* - жалған құжаттар мен операциялар;
- \* - бағалы қағаздардың нақты өзіндік құнын дұрыс есептемеу;
- \* - сатып алу және шығару кезінде бағалы қағаздар құнын дұрыс бағаламау.

# Бақылау процедураларын аудиторға тексеруді іске асыруға негіз болатын ақпараттарды білу қажет. Олар келесілер:

- \* Қаржылық есеп беру
- \* Есеп саясаты
- \* Бас кітап, есеп регистірлері
- \* Бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісім шарты
- \* Облигациялар, вексель, чек
- \* Бағалы қағаздарды тіркеу кітабы
- \* Бағалы қағаздарды қабылдау-тапсыру актісі
- \* Банк көшірмесі, төлем тапсырмасы
- \* Кассалық кіріс және шығыс ордерлері